



№17-18 (3164-3165)  
06/03/2026

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ  
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ



## ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР РӨЛІ

**Халықаралық әйелдер күні қарсаңында ҚТЖ-да «Цифрлық трансформация және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі әйелдердің рөлі» тақырыбында 100 жуық адам қатысқан конференция өтті.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Астана

ASMAR қауымдастығымен бірлесе өткізген іс-шара әйелдердің көлік-логистика саласын жаңғыртуға және ESG қағидаттарын іске асыруға қосқан үлесін талқылауға арналып, мемлекеттік органдар, «Атамекен» ҰКП, бизнес өкілдері мен сарапшыларды біріктірді. Бағдарламаны ашқан «ASMAR» Қазақстан кәсіпкер әйелдері ұлттық қауымдастығының

төрайымы Ләззат Рамазанова көшбасшылықты қолдау ортасын құру үшін ұлттық алыптармен серіктестіктің маңыздылығын атап өтті. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов әйелдер темір жолдың зияткерлік экожүйесінің бас сәулетшісі екенін атап өтті. Бүгінгі таңда компанияда 26 мыңға жуық әйел азаматтар жұмыс істесе, оның 2,5 мыңы басшылық лауазымдарда, ал жастар кадрлық резервинде қыз-келіншектер үлесі 20% асады. Сабақтастықтың айрықша символы паровозды

тізгіндеген алғашқы қазақ әйел машинисі Зәбира Жүсіпова туралы бейнеролик көрсетілді. Цифрлық трансформациядағы әйелдер рөлі орасан. Цифрландыру мен орнықты даму стандарттарын енгізудің арқасында ҚТЖ S&P Global рейтингінде айтарлықтай өсім көрсетіп, көрсеткішті 60-тан 75 балға дейін ұлғайтты. Компания әлемдегі жетекші көлік кәсіпорындарының 3% қатарына кірді және Қазақстанның жаһандық салалық Yearbook S&P-дағы алғашқы өкілі болды. Ком-

панияда Қазақстанның әйел теміржолшылар қауымдастығы құрылды. Конференция шеңберінде ЖИ дәуірінде құзыреттілікті дамыту бойынша «Әйел жүйенің жүк көтеретін құрылымы ретінде: цифрлық жеделдету контекстіндегі тұрақтылық», «Жасанды интеллект дәуіріндегі шешімдер психологиясы: әйел көшбасшы сандық құралдар арқылы өзін және жүйені қалай күшейтеді?», «ЖИ тұрақты экономиканың жаңа инфрақұрылымы ретінде: басқарылатын цифрлық трансформациядағы әйелдер рөлі» тақырыптарында тренингтер өтті, онда әйелдердің кәсіби өсуі мен диалогтың маңызды факторы ретіндегі мәртебесін бекітті. *Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

### Құрметті ханымдар, болат жолдың арулары!

Баршаңызды 8 Наурыз – көктемнің шуақты мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Тәртіп пен төзімділікті талап ететін теміржол саласында сіздер осы сын-қатерлерді тамаша еңсеріп, біздің қатал салаға үйлесімділік, тәртіп пен жайлылық әкелесіздер. Шалғай станциялар мен кеңселерде қажырлы еңбек етіп, пойыздар қауіпсіздігі мен жолаушылардың жайлылығын қамтамасыз ете жүріп, әйелдер қауымының таланты мен қабілетіне шек жоқ екенін күн сайын дәлелдеп келесіздер. Аукымды өзгерістер мен цифрлық трансформация дәуірінде ішкімізді, стандартты емес шешімдерді таба білулеріңіз және әр нәрсеге жете мән беру бізге жоғары мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді. Біз «Қазақстан темір жолы» компаниясының мыңдаған адамнан тұратын ұжымында әйелдер еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін дамытуға баға жетпес үлес қоса отырып, негізгі позицияларды шешендінін мақтан тұтамыз. Теміржолшылардың бірнеше ұрпағын тәрбиелеген сала ардагерлеріне және бүгінгі күні мерекені жұмыс орнында, яғни жол бойында немесе басқару гүлгінде қарсы алатын нәзік жан иелеріне ерекше алғысым мен ризашылығымды білдіргім келеді. Сіздердің жанқиярлығыңыз бен адалдығыңыз еріксіз мәңгі етеді. Бұл күні құшағыңыз гүлге, жүзіңіз шат күлкіге толысын. Отбасыңызға амандық, бақ пен береке, жүрегіңізге мәңгі көктем орнасын деп тілеймін. Мереке құтты болсын! **Талғат АЛДЫБЕРГЕНОВ,** «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы

### Сотрудничество

## ҚТЖ И WABTES: УКРЕПЛЕНИЕ СТРАТЕГИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ

**Реализацию совместных проектов и перспективы дальнейшего взаимодействия обсудили в Астане во время рабочей встречи председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Талғата Алдыбергенова с руководством американской корпорации Wabtec.**



**Любовь РОВБА,**  
Астана

Со стороны Wabtec во встрече приняли участие президент группы подразделения Global Transit Services Самир Гаур, старший вице-президент по СНГ, Европе, Ближнему Востоку и Африке Гохан Байхан, вице-президент по сервисному обслуживанию по регионам Европы, СНГ и Африки Финтан Таффи, старший региональный вице-пре-

зидент по СНГ и Монголии Канат Алпысбаев и другие. В ходе переговоров стороны обсудили текущие рабочие вопросы, сервисное обслуживание и обеспечение бесперебойной эксплуатации тягового подвижного состава. Подробно остановились на экспорте и перспективных рынках сбыта, внедрении цифровых продуктов, направленных на повышение эффективности железнодорожных перевозок, а также укреплении

стратегического партнерства. Гохан Байхан сообщил, что сегодня официально налажен экспорт из Казахстана в Азербайджан, в качестве потенциальных рынков рассматриваются Узбекистан и Монголия. Он отметил высокую заинтересованность во взаимодействии с АО «НК «ҚТЖ» и поблагодарил руководство компании за эффективное партнерство. Талғат Алдыбергенов в свою очередь выразил готовность к дальнейшей совместной работе по всем направлениям, подчеркнув, что компания ҚТЖ придает большое значение стратегическому сотрудничеству с корпорацией Wabtec. Напомним, Wabtec работает в Казахстане более 27 лет. В 2009 году в Астане был запущен завод по производству локомотивов «Локомотив құрастыру зауыты». В 2024 году на базе завода открыли инженерный центр для всего СНГ. *Фото Александра ЖАБЧУКА*



**Касым-Жомарт ТОКАЕВ,**  
Президент РК:

ЗА МНОГИМИ ДОСТИЖЕНИЯМИ КАЗАХСТАНА СТОИТ УСЕРДНЫЙ ТРУД НАШИХ ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫХ ДЕВУШЕК И ЖЕНЩИН. СОЗИДАТЕЛЬНАЯ ЭНЕРГИЯ И ЦЕЛЕУСТРЕМЛЕННОСТЬ ПОМОГАЮТ ВАМ ПРЕТВОРЯТЬ В ЖИЗНЬ САМЫЕ СМЕЛЫЕ ИДЕИ. ВЫ ПРОЯВЛЯЕТЕ ТВЕРДУЮ ГРАЖДАНСКУЮ ПОЗИЦИЮ И НЕРАВНОДУШИЕ В ОБЩЕСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ. РЕАЛИЗУЕТЕ ВАЖНЫЕ ИНИЦИАТИВЫ И НУЖНЫЕ НАРОДУ СОЦИАЛЬНЫЕ ПРОЕКТЫ. К ЛЮБОМУ ДЕЛУ ВЫ ПОДХОДИТЕ ОТВЕТСТВЕННО, ВСЕГДА РАБОТАЕТЕ НА ПОЛОЖИТЕЛЬНЫЙ РЕЗУЛЬТАТ

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҚТЖ-НЫҢ «АЛТЫН ҚОРЫ» САНАЛАТЫН ЖАСТАР КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВІНДЕ

**34**

ТАЛАНТТЫ АРУ БАР.

БҮГІНДЕ «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰК» АҚ ТОБЫ БОЙЫНША

**200**

ЖУЫҚ ӘЙЕЛ АДАМ «ҚҰРМЕТТІ ТЕМІРЖОЛШЫ» БЕЛГІСІНІҢ ИЕГЕРІ.

ЕЛІМІЗ БОЙЫНША

**2907**

КӨПБАЛАЛЫ АНА ТЕМІР ЖОЛ САЛАСЫНДА ЕҢБЕК ЕТЕДІ.

### Дорогие женщины!

Примите наши искренние поздравления с первым весенним праздником – Международным женским днем 8 Марта! Недаром в народе говорят: «Женщина – хранительница очага, хозяйка золотой кольчбелы». Действительно, невозможно не восхищаться тем, как вы, успешно совмещая профессиональную деятельность, бережно сохраняете семейные традиции и ценности, выполняя важнейшую миссию – воспитание детей. Пусть этот светлый весенний праздник наполнит ваши сердца светом, а души – вдохновением. Железнодорожники всегда с особой заботой и безграничным уважением относятся к своим коллегам – представительницам прекрасной половины человечества. Именно вы своей красотой, обаянием и шармом создаете в наших отраслевых коллективах неповторимую атмосферу уюта, доверия и привлекательности. Со своей стороны, профсоюз и руководство отрасли и впредь будут прилагать все усилия, чтобы каждая женщина, трудящаяся на железной дороге, чувствовала себя защищенной и уверенной в завтрашнем дне. Милые дамы, от всей души желаем вам крепкого здоровья, любви, счастья и благополучия! Спасибо вам за то, что наполняете этот мир теплом, добротой и светом. Пусть мир и дальше согревается вашей душевной щедростью и искренним теплом ваших сердец! **Оразали АХМЕТБАЕВ** председатель ОО «Казпрофжел»

### ЖОСПАРЛЫ ОТЫРЫС ӨТКІЗДІ

**Астанада «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Талғат Алдыбергеновтің Бас көлік прокуроры Берік Жүйріктаевпен жұмыс кездесуі өтті.**

**Ұлан ОРАЗ,**  
Астана

Іс-шара барысында магистральдық желіні жаңғырту бойынша негізгі іс-шараларды жүзеге асыру және тасымалды ұйымдастыруды қоса алғанда темір жолдың қазіргі жағдайына қатысты кешенді мәселелер талқыланды. Жиынға қатысушылар көлік логистикасының жүйелік аспектілерін, сонымен қатар вагондарды ағымды ағытып жөндеу жұмысы пен тасымал қызметінің өндірістік көрсеткіштерін егжей-тегжейлі қарастырды. Тараптар теміржол тиімділігін арттыру және айқындылығын қамтамасыз ету тұрғысынан барынша терең талдау жасап, технологиялық



процестерді цифрландыру мәселелеріне ерекше назар аударды. Берік Жүйріктаев көлік қызметін пайдаланушылар құқығын қорғау және заңдылығын сақтау маңыздылығын атап өтті. Кездесу қоры-

тындысында елдің көлік әлеуетін дамыту және құқықтық тәртіпті нығайту үшін алдағы өзара іс-қимыл бойынша қадамдар айқындалды. *Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

**15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ**

**ВОКЗАЛ ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ**

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Астана

Елордалық «Нұрлы жол» теміржол вокзал кешенінде ҚР Конституциясының негізгі ережелеріне және алдағы жалпыұлттық референдумның маңыздылығын түсіндіруге арналған ақпараттық жиын өтті.



Іс-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Марат Бәшімов, Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабаев, Астана қаласы мәслихатының депутаты Владислав Сергеев, заң ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры Ермек Әбдірасұлов қатысты.

Кездесудің негізгі мақсаты – конституциялық құндылықтарды насихаттау және азаматтарға референдумға қатысудың құқықтық тетіктерін түсіндіру. Спикерлер жоспарланған өзгерістер саяси жүйені одан әрі демократияландыруға және адам құқықтарын қорғау кепілдіктерін нығайтуға бағытталғанына назар аударды. Мәжіліс депутаты Марат Бәшімов азаматтардың референдум арқылы шешім қабылдауға тікелей қатысуы халық билігінің ең жоғары көрінісі екенін атап өтті. Профессор Ермек Әбдірасұлов түзетулердің халықаралық стандарттарға сәйкестігін атап өтіп, оларға толық құқықтық түсініктеме берді. Астана мәслихатының өкілдері елорда тұрғындарының азаматтық белсенділігінің маңыздылығына баса назар аударды.

– Жаңа Конституция жобасы Мемлекет басшысының жасап жатқан реформаларының логикалық жалғасы деп ойлаймын. Ата заңда барлық азаматтың құқықтары қарапайым тілмен жазылған. Оны жазуға 130-дан астам сарапшы қатысты. Құжатқа қоршаған ортаны қорғау, еңбек адамдарының еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған. 15 наурызда өтетін референдумға отбасыларыңызбен бірге қатысуларыңызды сұраймыз, – деді Табиғат Зейнұлқабаев.

«Нұрлы жол» вокзалы Астананы өзге қалалармен байланыстыратын пойыздардың 60 пайыздан астамын қабылдайды. Мұнда бүгінгі таңда 220 қызметкер жұмыс істейді. Солардың бірі – вокзал бастығының кезекші көмекшісі, әрі осы референдум бойынша №309 сайлау учаскесі төрағасының орынбасары Әділбек Нұрланханов.

Жалпыұлттық коалиция мүшелері «Нұрлы жол» вокзалының қызметкерлерін 15 наурызда өтетін референдумға қатысуға шақырды.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

**БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТУҒА ШАҚЫРДЫ**

**Қуан ЕРТИС,**  
Семей

Семейлік теміржолшылар алдағы республикалық референдумға орай елдік мүдде жолында үн қосуда. Жуырда бөлімшеде «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық коалициясының өңірдегі мүшелерімен кездесу өтті.



«ҚТЖ-ҰК» АҚ Семей филиалының директоры Алмас Сейсемқановтың төрағалығымен өткен басқосу барысында әуелгі кезекте бөлімше кәсіподағының және Семей теміржолындағы «Апапа» бастауыш партия ұйымының төрайымы Айгүл Берікболова сөз алып, жаңа Конституция жобасы жайлы баяндама жасады.

Әрі қарай сөз алған өңірлік коалиция мүшелері жаңартылған Конституция әділдік пен ашықтық қағидаларын нығайтатынын атап өтіп, Заңның негізгі бағыттары, енгізілетін саяси және әлеуметтік-құқықтық өзгерістер жайын кеңінен түсіндірді. Сонымен қатар кездесу барысында жаңа құжаттың басты басымдылығы – адам құқықтары мен бостандықтары екені де атап өтілді.

Мұнымен қоса қолданыстағы Заңның 33-бабына сәйкес азаматтардың мемлекет ісін басқаруға тікелей қатысуға құқығы бар екені, ал референдум осы құқықты жүзеге асырудың маңызды тетігі екені ерекше атап өтілді.

Спикерлер өз сөздерінде жаңа Конституцияның басты мақсаты – әлеуметтік әділеттілікті нығайту, заң үстемдігін күшейту және адами капиталды дамыту екенін жеткізе келе, референдум барысында әр азаматтың дауысы ел болашағын айқындайтын маңызды шешімге әсер ететіні, сондықтан белсенді азаматтық ұстаным баршаға ортақ жауапкершілік екені де баса айтылды.

Теміржол саласының өкілдері өңірлік коалиция мүшелеріне сауалдарын жолдай алды. Жиын соңында сөз алған бөлімше басшысы Алмас Ғылымұлы барша әріптестерін ел өміріндегі аса маңызды шарада белсенділік танытуға шақырды.

*Суретті түсірген автор*

**СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ**

Көктемнің келуімен теміржолшы қауымды қарбаласқа салатын мазасыз маусым басталды. Көлік министрлігінде Теміржол және су көлігі комитетінің төрағасы Нұржан Келбұғановтың төрағалығымен өткен кеңесте теміржол инфрақұрылымын су тасқынынан қорғауға дайындау мәселесі талқыланды.

**Ислам ТАЛҒАТ,**  
Астана

Кеңеске «Самұрық-Қазына» АҚ және «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ басшылары қатысып, олар қар суының еруінен төнетін қауіп су тасқынына қарсы әрекеттер мен атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндады. Айтуларына, бүгінгі таңда жоспарлы түрде қажетті құрал-жабдықтармен, инертті материалдармен, қойтастармен және

металл құрылымдармен жабдықталған 290 вагоннан тұратын 45 су шайылуына қарсы пойыз жасақталуда. Оңтүстік өңірде толық жасақталған 15 пойыз дайын тұр. Күн тез жылынатын өңірде жаңбыр мен қар-судың еруінен тасқын қауіпі төнген жағдайда іске қосуға сақдай сай.

Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органдарымен темір жолдан жоғары орналасқан 83 су қоймасы мен бөгеттің жағдайы тексерілген. Көпірлердің, құбыр-



лардың және дренаждық құдықтардың саңылауларын қардан, мұздан және қоқыстан тазарту жұмыстары жалғасуда. Таулы және су бұру арналары, науалар мен кюветтер тазартылуда. Теміржол учаскелерін тексеру сулардың кедергісіз өтуіне тұрақты бақылауды үшін басшылардың кестесі бекітілді.

Министрлік темір жолдың және жасанды құрылыстардың жай-күйіне, сондай-ақ еріген сулардың кедергісіз өтуіне тұрақты бақылауды және тасымалдау процесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді тапсырды.

**БІРІНШІ БАЙЛЫҚ – АҚ ЖАУЛЫҚ**

Жұмыстағы жетістік бір есептен үйдегі көңіл-күйге де байланысты. Ал отбасындағы ахуалға әйелдер қауымының ықпалы мол. Жуырда Семей локомотив пайдалану депосында локомотив бригадаларының зайыптарымен өткен кездесу осы тақырыпқа арналды.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Дәстүрлі түрде өткізілетін осынау басқосуға негізінен машинистер, машинист көмекшілерінің жұбайлары шақырылған болатын. Басты мақсат – жауапкершілігі жоғары сала мамандарына отбасының қолдауы, түсіністік танытуы және қамқорлық көрсетудің маңыздылығы туралы еркін әңгіме ербіту болды. Алдымен депо басшылығы сөз алып, локомотив бригадаларына жүктелер міндеттер туралы баяндап, әр қызметкердің бір күндік жұмыс барысы жайлы әңгіме қозғады. Сонымен қатар қызметкерлерге көрсетілер әлеуметтік пакеттер, жалақы мәселесі де қозғалды. Семей локомотив пайдалану депосының республикалық деңгейдегі жетістіктері жайлы арнайы түсірілген бейнефильм де көрсетілді. Артынан депо ғимаратына шағын



экскурсия да ұйымдастырылды.

– Әр машинистің, көмекшінің, локомотив бригадасы мүшесінің артында отбасы тұр. Атам қазақ «Бірінші байлық – ақ жаулық» деп бекер айтпаған. Әрбір табысты ер-кектің артында ақылды әйел тұрады. Ал теміржол саласында зейін қойып жұмыс

істеп, денсаулық пен қауіпсіздікті сақтауда үйдегі жылулық пен әйел адамның қолдауына ештеңе жетпейді. Демек, үй ішінің берекесін кіргізіп, күйеуінің бар жағдайын жасап отырған әйел заты болмаса, ол жайт тікелей өндірістік көрсеткіштерге де теріс ықпал етеді, – деді депонның өндірістік нұсқаушысы, ТЧУ-24 кәсіподақ ұйымының төрағасы Серік Дүйсенбаев.

Басқосу барысында айтылғандай, қауіпсіздік тек жұмыс орнынан емес, үйден басталады. Отбасындағы ахуал қызмет барысында көрініс табатыны ғылыми тұрғыда дәлелденген. Ендеше от басы, ошақ қасындағы көрсетілген қолдау – теміржол саласындағы қауіпсіздікке қосылған елеулі үлес деген сөз.

Сонымен қатар әсерлі кездесу барысында үздік қызмет атқарып жүрген бірқатар машинистер мен машинист көмекшілері, нарядшылардың жұбайлары арнайы Алғыс хатпен марапатталды. Барша әйелдер қауымына депо басшылығы тарапынан мерекелік гүл шоқтары табыс етілді.

Ал іс-шараның соңында әйелдер құрметіне ақ дастархан жайылып, өзара еркін әңгіме өрбіді.

*Суретті түсірген автор*

**ҚАРБАЛАСҚА ТОЛЫ КҮН**

Тараз станциясы арқылы тәулігіне 75 жуық жүк пойызы өтсе, 24 пойыз станция парктерінде сұрыпталып, Түрксіб, Шу, Алматы, Жанатас және Шымкент, Арыс, Қазығұрт бағыттарына жөнелтіледі. Соңғы уақытта жүк айналымы жоғарылай түскен. Айналым көбейген сайын жұмыс ауқымы да артатыны түсінікті. Мұндайда күш алдымен құжаттармен жұмыс істейтін техникалық операторларға түсетіні анық.



**Ардақ УСЕЙІНОВА,**  
Жамбыл

Іздеген кейіпкерімізді күтіп, жұмыс процесін сырттай бақылап тұрып, уақытпен санаспай еңбек ететін теміржолшылар арасында жаратылысы нәзік әйелдердің үлес салмағы басым екенін ойлады. Тек кеңсе қызметінде ғана емес, өндірістік құрылымдарда, станцияларда, вокзалдар мен деполарда жұмыс істеп жүрген нәзік жандардың ерік-жігерінің мықтылығына еріксіз таң қаласыз...

Тараз станциясының операторы Ләззат Асанова сонау тоқсаныншы жылдардағы тоқы-

рау кезінде жолдасымен екеуі Қызылордадан Жамбыл жеріне жұмыс іздеп келіп, темір жолдан нәпәқа тауып, осында тұрақтап қалыпты. Бүгінде таңдаулы теміржолшының бірі.

– Біз теміржолшы әулетінің іргесін өзіміз қаладық. 1995 жылы жолдасым Бақытжан Молдабеков Тараз станциясына пойыз құрастырушы болып жұмысқа орналасты. Отыз жылдан астам уақыт бойы осы жерде табан аудармай табысты еңбек етіп келеді. Мен бастапқыда төрт жылдай қара жұмыс істедім, қоймашының орнына ауысып, жұмысшыларға форма тараттым. Сосын теміржол сияқты салада білімсіз күн жоқ

мыз, жұмыс өте ыңғайлы, – дейді Ләззат Омарбекқызы.

Әрине техникалық оператордың жұмысы тіпті де оңай емес. Мәлімет қате енгізілсе, автоматты жүйе: «Станция бойынша кезекшінің автоматтандырылған жұмыс орны» – АРМД бағдарламасы есепті қабылдамай қояды. Сол үшін пойыздың нөмірі дұрыс енгізілуі керек, вагондардың салмағы белгіленген тоннадан асып не жетпей қалмауы тиіс. «Алғаш оператор болып ауысқанымда осында 44 жыл еңбек еткен, бәрімізге тәлімгер болған Меңсұлу Шырматқызынан көп нәрсені үйрендім. Ол кісі қазір зейнетте. Әріптесім Наташа Роленкоға да айтар алғысым аз емес. Жас та болса, жұмыстың қыр-сырын өбден меңгерген маман. Ауысым сайын әкеуіміз қатар түсеміз», – деген Ләззат Асанова кәсібін меңгеруге, үш ай сынақ мерзімінен өтуге, емтиханды жақсы тапсыруға көмектескен әріптестеріне шын көңілден алғыс айтты.

Он-он бес минут алтын уақыттың бізге арнаған жанмен жылы қоштастық. Ал станция операторының қарбаласқа толы күні қайта жалғасты.

*Суретті түсірген автор*

**КӘСІБИ ШЫҢДАЛУ МЕКТЕБІ**

Қызылорда локомотив пайдалану депосында бір жылы кем аттай қырық жыл еңбек етіп келе жатқан Марияш Егембаева – машинистер жұмысын қадағалап, үйлестіретін жауапты маман.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Депо нарядшысының негізгі қызметі – локомотив бригадаларының жұмысын ұйымдастырып, ауысымға дұрыс әрі уақытылы шығуын қамтамасыз ету. Сапардан келген, сапарға шығатын машинистер бригадасының жұмысын реттеп отыру, солардың физикалық, психологиялық хал-ахуалдарын да назардан тыс қалдырмай қадағалап отыратын, бригадаға қатысты барлық жайды қадағалайтын аса жауапты маман.

– Машинист пен көмекшілерді пойыз кестесіне сәйкес ауысымға бөлу, олардың біліктілік рұқсатының сапарға шығатын бағыт учаскесі бойынша сәйкестігін тексеру, жұмыстан бос уақытындағы демалыс уақыты



мен еңбек тәртібінің сақталуын қадағалау, сапарға аттандырар алдында әр бригадаға рейс алдындағы тапсырманы рәсімдеу, пойыз нөмірі, бағыты, локомотив туралы мәлімет беру, қажетті құжаттар дайындап, тіркеу жұмыстарын жүргізу, т.т. толып жатқан жұмыстар біздің құзырымызда, – дейді Марияш. Жалпы алғанда, нарядшы – локомотив депосының ұйымдастыру өзегі. Оның жұмысы дәл болмаса, пойыз қозғалысының ырғағы бұзылады. Жоғары жауапкершілікті, ұқыптылықты және теміржол тәртібін жетік білуді талап ететін жұмысты атқару

кез келгенге сеніп тапсырылмайды.

– Біздің депонның нарядшылары өздеріне тапсырылған жұмыстарды кәсіби деңгейде атқарады. Марияш осы қызметке келгенге дейін талай сатыдан өтті. Бүгінгі міндеті – локомотив бригадаларын, олардың жұмыс және демалыс режимін бақылау, еңбек заңнамасына және салалық нұсқаулықтарға сай сағат нормасын есептеу, артық жұмыс уақытына жол бермей, резервтегі бригадаларды жоспарлау секілді жұмыстарды жүргізумен қатар, демалыс режимін бақылап, есеп жүргізіп, оперативтік жағдайларда әрекет етуін реттеп, қадағалап отыру. Сонымен қатар болып қалуы мүмкін оперативтік жағдайларда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында толық құрамды бригада жіберу, бригадаларды кенеттен ауыстыру қажеттігі туындағанда, кешігу, сырқаттану кезінде шұғыл шешім қабылдайтын да осы Марияш секілді мамандар. Бұл тұрғыдан алғанда Марияш Дәулетқызы өз міндетін бес деген бағаға орындап жүрген маман, – дейді Қызылорда локомотив пайдалану депосының бастығы Нұртай Байғазы.

Ал Марияш болса, депо – менің кәсіби шыңдалу мектебім дейді.

*Суретті түсірген автор*

## Совещание

### КЛЮЧЕВЫЕ ИТОГИ И ПРИОРИТЕТЫ

**Результаты деятельности компании, а также ключевые государственные и производственные задачи обсудили на расширенном селекторном совещании в Астане под председательством председателя правления АО «НК «КТЖ» Талгата Алдыбергенова.**

**Любовь РОВБА,**  
Астана

Основными темами совещания с участием руководителей структурных подразделений, филиалов и дочерних организаций компании стали итоги деятельности КТЖ за 2025 год и январь 2026-го, стратегические задачи, вопросы производственной безопасности, готовности железнодорожной инфраструктуры к периоду противопаводковых работ, а также проведения 15 марта Республиканского референдума.

Заместитель председателя правления АО «НК «КТЖ» Марат Шакинов выступил с докладом по безопасности движения и производственным показателям.

– В 2025 году тарифный грузооборот вырос на 6% к плану – до 289 миллиардов тонно-километров, рост на 6%. Эксплуатационный грузооборот составил 291 миллиард тонно-километров нетто, план выполнен на 103%, – сообщил Марат Шакинов.

Выросли в прошлом году и контейнерные перевозки. По территории Казахстана за 12 месяцев 2025 года проследовало 12 307 контейнерных поездов, что на 13% выше аналогичного показателя 2024 года.

Марат Шакинов отметил, что в сфере безопасности движения в 2025 году зафиксировано общее снижение нарушений на 10% среди всех участников перевозочного процесса. Непосредственно по АО «НК «КТЖ» количество нарушений сократилось на 8%, а целевой показатель безопасности улучшен на 17%, составив 0,60 при плане 0,72.

– Для достижения этих результатов ревизорским аппаратом в 2025 году проведено более девяти тысяч проверок, по итогам которых выявлено 98 тысяч нарушений и принято свыше 10 тысяч запретных мер.



Работа по обеспечению жесткого контроля продолжилась и в январе 2026 года, когда было проведено более 800 проверок, – сообщил спикер.

Системное улучшение показателей стало возможным благодаря реализации Дорожной карты по формированию «Культуры обеспечения операционной безопасности движения», Комплекса системных мер на 2025 год и Межведомственной Дорожной карты по безопасности и сохранности имущества на 2025-2027 годы. Важным элементом стратегии остается мотивация персонала: по итогам 2025 года за личный вклад в предотвращение нарушений и обеспечение безопасности движения было поощрено 615 работников компании. Стоит отметить, что в компании на постоянной основе ведется работа по обеспечению безопасности движения поездов, выполнению объемов капитального и текущего ремонта объектов инфраструктуры и подвижного состава.

– Глава государства поставил перед АО «НК «КТЖ» цель – обеспечить в 2026 году объем транзитных перевозок на уровне 55 миллионов тонн. Достижение данного

показателя является приоритетом компании и рассматривается как ключевой индикатор эффективности работы транспортно-логистического комплекса, – подчеркнул Марат Шакинов.

В свою очередь главный инженер Рамазан Садыркулов представил отчет о состоянии охраны труда и промышленной безопасности.

– По итогам 2025 года в группе компаний АО «НК «КТЖ» отмечена положительная динамика снижения производственного травматизма: общее количество происшествий сократилось на 26%, а случаев, связанных с производством, – на 19%, – сообщил он.

В завершение совещания Талгат Алдыбергенов дал поручение провести комплексную проверку в Карагандинском, Алматинском, Семейском и Жамбылском регионах на предмет соблюдения охраны труда и производственной безопасности.

Кроме того, перед филиалами, дочерними организациями и руководителями региональных подразделений поставлена задача по организации разъяснительных работ в рамках проведения 15 марта Республиканского референдума.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## КОНТРОЛЬ НА ВСЕМ ПУТИ СЛЕДОВАНИЯ

**Итоги по обеспечению сохранности перевозимых грузов за 2025 год подвели на расширенном селекторном совещании ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» в Астане.**

**Роман ЛЮБИМОВ,**  
Астана

В совещании приняли участие генеральный директор (председатель правления) ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Асан Умбетов, руководители региональных филиалов, ТОО «ВЖД», АО «Кедентранссервис», Центра топливных ресурсов, Дирекции магистральной сети, начальник управления криминальной полиции ДПТ МВД РК Ерлан Алимов, старший помощник главного транспортного прокурора Главной транспортной прокуратуры РК Алдияр Бекетов и другие.

– Обеспечение сохранности грузов является ключевым приоритетом АО «НК «КТЖ». В течение года компания последовательно реализовывала комплекс мер, направленных на повышение качества перевозочного процесса, усиление контроля на всех этапах транспортировки, совершенствование технологий сопровождения и взаимодействия между структурными подразделениями, – отметил, открывая совещание, Асан Умбетов.

Участники заслушали доклады по итогам работы за 2025 год и



принятым мерам по обеспечению сохранности грузов, развитию профилактических механизмов, повышению производственной дисциплины, внедрению современных инструментов мониторинга и укреплению ответственности персонала.

Так, директор департамента по организации военизированной охраны ТОО «ВЖД» Сергей Ким проинформировал, что с 2024 года значительно усилено взаимодействие с департаментом полиции и структурными подразделениями КТЖ. Дополнительно налажено сотрудничество с участниками перевозочного процесса для получения информации по срабатыванию GPS-датчиков при попытке

взлома, что дает возможность оперативно реагировать на посягательство на грузы.

– Проводится работа по формированию усиленных схем сопровождения транзитных грузов, – отметил он. – Существенный акцент сделан на повышении боевой специальной подготовки личного состава. Заключен меморандум с учебными центрами Министерства обороны и силовыми структурами.

Сергей Ким также проинформировал, что в 2026 году планируется техническое переоснащение стрелковых подразделений, ввод в эксплуатацию тепловизоров, видеорегистраторов, беспилотных летательных аппаратов для применения на удаленных

участках, что значительно расширяет возможности для фиксации противоправных действий. Проведены испытания системы GPS на контейнерах, реализованы кадровые технические и оперативные меры

– Последовательное наращивание межведомственных отношений, технической оснащения, подготовки личного состава позволит обеспечить дальнейшее снижение правонарушений на объектах транспорта, – отметил Сергей Ким.

Асан Умбетов подчеркнул необходимость усиления профилактических мер, повышения персональной ответственности сотрудников, совершенствования внутренних процессов и контроля на всех уровнях.

– Несмотря на то что мы представляем разные ведомства, у нас есть общие задачи, и нам необходимо максимально наладить взаимодействие в обеспечении охраны перевозимых грузов, – добавил в свою очередь начальник управления криминальной полиции ДПТ МВД РК Ерлан Алимов.

По итогам совещания определены задачи на предстоящий период, направленные на повышение эффективности работы и дальнейшее укрепление позиций компании на рынке транспортных услуг.

Фото Алия КАЙЫРБЕКОВА

## ҚАЗТЕМІРТРАНС: ПОКАЗАТЕЛИ СТАБИЛЬНЫЕ



АКТУАЛЬНО

**Алуа ТЛЕУБАЙ,**  
Астана

Деятельность компании в отчетном месяце была сфокусирована на бесперебойном снабжении топливно-энергетического комплекса, поддержке строительной отрасли и укреплении позиций отечественных экспортеров на внешних рынках.

Главным драйвером перевозок в сегменте полувагонов традиционно остается каменный уголь. Это

направление имеет стратегическое значение для обеспечения энергетической стабильности республики. В феврале было организовано свыше 47 тысяч вагоноотправок твердого топлива. Из них около четырех тысяч вагонов ушли на экспорт, в то время как основной объем был направлен на внутренние нужды для обеспечения работы ТЭЦ и снабжения населения.

Помимо угля, значительные мощности парка были задействованы для нужд горно-металлургического

сектора. В частности, перевезено порядка 4,9 тысячи вагонов с цветной рудой и серным сырьем, а также около 3,9 тысячи вагонов с железной и марганцевой рудой. Активность в строительном секторе была поддержана отправкой более 3,1 тысячи вагонов со специализированными грузами. Также компания обеспечила прием около 700 вагоноотправок с импортными товарами, что подтверждает устойчивость трансграничных торговых цепочек.

Сегмент крытых вагонов в феврале был ориентирован на продукцию переработки и продовольственные товары. В этом секторе ключевыми направлениями стали перевозки продуктов перемола, составившие около 1,1 тысячи вагоноотправок, и комбикормов в объеме порядка 400 единиц. Кроме того, крытый подвижной состав активно использовался для доставки импортных грузов, обеспечив транспортировку около 1,5 тысячи вагонов. Важную роль перевозки сыграли и в постав-



ках строительных материалов, а также цветных металлов и изделий из них, на долю которых пришлось более 800 вагонов.

Стабильные показатели февраля стали результатом планомерной работы по эффективному управлению подвижным составом и тесного взаимодействия с грузоотправителями. Компания продолжает выполнять свои обязательства, гарантируя

надежную и своевременную транспортировку, что напрямую способствует устойчивому развитию национальной промышленности. Уверенный ритм погрузки в начале года задает позитивный вектор для всей транспортно-логистической системы страны, укрепляя экспортный потенциал Республики Казахстан.

Фото Александра ЖАБЧУКА



### ОБСУЖДАЯ ПРОЕКТ КОНСТИТУЦИИ

**Асель ШАЙХЫНОВА,**  
Астана

**В структурных подразделениях и филиалах АО «НК «Қазақстан темір жолы» продолжается проведение информационно-разъяснительных мероприятий, посвященных предстоящему республиканскому референдуму.**

Главная цель данных встреч – разъяснение проекта новой Конституции Республики Казахстан многоголосному коллективу железнодорожников, а также важности осознанного участия в общенациональном голосовании.

Одно из таких мероприятий состоялось в подразделении КТЖ, обеспечивающем безопасность железнодорожной инфраструктуры страны – ТОО «Военизированная железнодорожная охрана» (ВЖД). В ходе встречи, прошедшей с участием руководства организации и всех территориальных филиалов ВЖД, были подробно обсуждены ключевые направления конституционной реформы, направленной на политическую модернизацию страны и укрепление правовых основ государства. Особо отмечено, что обновленная Конституция призвана закрепить принципы справедливости, усилить защиту прав граждан и расширить участие общества в управлении государством.

Сотрудники ВЖД проявили активный интерес к обсуждаемым вопросам, подчеркнув значимость стабильности, законности и правовой защищенности как базовых условий для устойчивого развития транспортно-логистической отрасли и обеспечения безопасности стратегической инфраструктуры страны.

Подобные мероприятия проходят во всех региональных подразделениях КТЖ, чтобы каждый работник стальной магистрали обладал полной информацией и мог сделать взвешенный и осознанный выбор в день референдума.

Фото Александра ЖАБЧУКА



### ЖИВОЙ ОБМЕН МНЕНИЯМИ

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

**На станции Караганда-Сортировочная состоялась встреча депутатов Мажилиса Парламента РК и областного маслихата с трудовым коллективом филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Караганды», посвященная обсуждению проекта новой Конституции Республики Казахстан.**

Открытый диалог прошел в формате живого обмена мнениями. Железнодорожники получили возможность задать интересующие вопросы и высказать свои предложения по ключевым положениям документа, который определяет стратегический вектор развития страны.

В своих выступлениях депутаты отметили, что проект новой Конституции направлен на укрепление принципов справедливости, расширение участия граждан в принятии решений и повышение ответственности государственных органов перед обществом. Особое внимание уделено вопросам социальной защиты, развития регионов и поддержки трудовых коллективов стратегических отраслей, к которым относится железнодорожный транспорт.

Спикеры подчеркнули важность активного участия работников предприятий в общественно-политических процессах. По их словам, именно такие встречи позволяют услышать мнение людей труда, учесть предложения профессионального сообщества и сформировать по-настоящему всенародный документ.

Работники филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Караганды» проявили заинтересованность в обсуждении инициатив, касающихся гарантий трудовых прав, обеспечения безопасности труда и устойчивого развития отрасли. В ходе встречи прозвучали конкретные вопросы и предложения, которые были взяты на рассмотрение.

Фото автора



№17-18 (3164-3165) 06/03/2026

## АЙКҮННІҢ ТАҢДАУЫ

**Көктем хабаршысы – әйелдер мерекесі қарсаңында теміржол саласында табанды еңбегімен танылған нәзік жандар туралы айтпау мүмкін емес. Солардың бірі – Айкүн Бердірахманова. Ол 41 жыл бойы бір мекемеде үздіксіз еңбек етіп келеді, 7-разрядты электромонтер.**



Айкүн темір жолға 1984 жылы, небәрі 18 жасында келген. Техникумды тәмамдай сала Ақтөбедегі ШЧ-5 мекемесіне 4-разрядты электромонтер болып қабылданады. Содан бері сол ұжымда яғни Ақтөбе сигнализация және байланыс дистанциясында қызмет етіп, бүгінде 7-разрядты білікті маман. Жалпы еңбек өтілі – 41 жыл 7 ай.

Оның жұмыс орны – Бестамақ станциясының алқамы. Мұнда ол бағыттар мен бұрмалардың, бағдарламалардың, электр желілерінің ақаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Күн сайынғы жұмыс инструкция-нұсқамадан басталып, жоспарлау жиынымен жалғасады. Технологиялық карта зерделеніп, аға механик тапсырманы нақтылайды. Содан кейін механикпен бірге нысанға шығып, кешке дейін белгіленген жұмыстар атқарылады.

– Бағыттар қозғалысында мін болмауы керек. Сигнал уақытында қосылуы тиіс. Барлығы техникалық талапқа сай болуы – біздің міндетіміз. Әр саланың өз қиындығы бар. Біздің мамандықта тәртіп пен дәлдік қажет. Электр желілерін бақылау – үлкен сенім. Сондықтан әр бөлшекке мұқият қараймыз, – деді тәжірибелі электромонтер. Кейіпкеріміздің әр күні ашық аспан астында өтеді. Қар, жаңбыр, аяз немесе аптап ыстық болса да, қауіпсіздік пен жауапкершілік бірінші орында.

Айкүнге кеңседе тапжылмай отыратын жұмыс емес, осы қозғалыстың ішінде жүрген ұнайды. Күнүзәк теміржолмен біте қайнасып, өзін алып сала тамырының бір бөлшегі сезінеді. Желідегі байланысты үздіксіз қан айналымын реттейтін құретамыра теңейді.

«Темір жол – менің өмірімнің бір бөлігі. Өз таңдауыма ешқашан өкінген емеспін. Менің бар өмірім осы жерде өтті», – дейді ол. *Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе Суретті түсірген автор*

## БАТЫЛ ШЕШІМ БАҒАЛАНАДЫ

**Теміржол саласында еңбек ету – қиын да қауіпті, әрі жауапкершілігі мол жұмыс. Осы сала мамандығын саналы түрде таңдау – оның ыстығы мен суығына дайын болу, соған мойынсыну деген сөз. Бүгінгі кейіпкеріміз Мәдениет Темірова осы қасиеттерге ие нағыз теміржолшы.**

Атырау қаласында дүниеге келген ол мектеп бітірген соң педагогика саласында білім алып, біршама жыл еңбек етеді. Бірақ кейін тағдыр оны темір жолмен тоғыстырып, Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжінің «Теміржол көлігінде тасымалды және басқаруды ұйымдастыру» факультетін техник мамандығы бойынша бітіреді. Темір жолдағы еңбек жолын 2008 жылы

Қызылжар разъезінде кезекші болып бастайды. Ал 2016 жылдан бері Атырау жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Қызылжар бекетінде СОБ электромонтері және разъезд кезекшісі қызметін атқарып келеді. Теміржол саласындағы жалпы еңбек өтілі – 18 жыл. Күндіз-түні қозғалыстағы темір жолда күтпеген оқиғалар көп болады. Солардың бірін Мәдениет те бастан дағды еңбек жолын 2008 жылы



бастағанда Тұманды – Қызылжар айналымында машинист Е.Түсіпов тепловоз айнасынан «Б» секциясындағы тоңазытқыш тұсынан жалын шығып келе

жатқанын байқайды да, радиобайланыспен дереу станция кезекшісі мен кейін келе жатқан тепловоздарға хабарлайды. Сол мезетте хабарды алған Қызылжар станциясының кезекшісі Мәдениет Темірова шұғыл түрде шешім қабылдап, бекеттегі бос тұрған 1-ші жолды өртегіп келе жатқан локомотивті оқшаулауға дайындайды. Тепловоз тоқтаған соң вагондарды маневр жасап бөліп алып, өртегіп оранған тепловозды бос жолға, яғни қауіпсіз аймаққа шығарады. Машинист тепловозды қол тежегішпен тоқтатқан кезде Мәдениет те локомотив бригадасымен бірге өртті сөндіруге кіріседі. Өрт толықтай сөндіріліп, тепловоз үлкен апаттан аман қалады.

Бүгінде Мәдениет Аманкелдіқызы жұмысын жалғастырып жатыр. Жарасымды отбасы бар, үш баланың анасы. Жолдасы Ерсайын «Атырау-Жарық» мекемесінде жүргізуші. Үлкен қызы Зарина тұрмыста, мамандығы – бастауыш сынып мұғалімі. Ал Назерке мен Батырхан – мектеп оқушылары. «Бала – өмірдің шырағы» деп отбасының қуанышы мен қызығына бөленіп жүріп жатыр. «Мәдениет жұмысына жауапты қарайды, ойы тұжырымды, адамгершілігі мол, ұжымдастар ортасында сыйлы жан» дейді ол туралы әріптестері. Башылық тарапынан марапаттары бар және теміржол саласында 10 жыл мінсіз қызметі төсбелгісінің иегері. *Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау Суретті түсірген автор*

## ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

**Осыдан біраз уақыт бұрын Абай облыстық Кәсіподақтар орталығы Жұмысшы мамандықтар жылының қорытындысын жариялады. Ол бойынша теміржолшы Жанар Ракишева аймақтағы ең үздік еңбек адамы ретінде танылды.**

